

Тәуелсіздік жылдарында жүргізілген мемлекеттік реформалар, тарихи сананы жаңғырту, мәдени құндылықтарды жүйелеу және этносаралық татулықты институционалды түрде нығайту Қазақстанда бірыңғай ұлттық кеңістіктің қалыптасуына негіз болды. Ұлттық бірегейлік ұғымы енді тек этникалық өлшеммен шектелмей, азаматтық жауапкершілік, мемлекетшілдік, тарихи жады, тілдік және мәдени тұтастық секілді көпқырлы мазмұнға ие болды.

Бүгінде ұлттық бірегейлік - тек рухани ұғым ғана емес, елдің саяси тұрақтылығы мен дамуының негізгі тірегі. Тарихи жадының жаңғыруы, ұлттық құндылықтардың сақталуы, мәдени мұраның үздіксіз дамуы және қоғамдағы келісімнің бекемдігі Қазақстанның болашаққа сенімді қадам басуына мүмкіндік беріп отыр. Осылайша, ұлттық бірегейлік мәселесі - мемлекеттілікті нығайтатын, қоғамның рухани қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және Қазақстанның өркениеттік дамуын айқындайтын басты стратегиялық бағыттардың бірі болып отыр.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА. - Алматы: Атамұра, 2003. - 288 бет.
2. Асанби Ж.И. Қазіргі Қазақстанның Ұлттық идеясы және рухани жаңғыру үдерісіндегі Ұлттық бірегейліктің қалыптасуы // Астана қ., Қазақстан. Международный научный журнал «ВЕСТНИК НАУКИ» № 4 (85) Том 1. АПРЕЛЬ 2025 г
3. А.Т. Кребаева., А.И. Шалтыков. Абая Ассамблея народа Казахстана - вечная защита единства нашего многонационального народа. // Абай атындағы ҚазУПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, «Халықаралық өмір және саясат» сериясы, №2(49), 2017 ж.
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XVI сессиясында сөйлеген сөзі // www.akorda.kz
5. Е.А. Абдраимов, Т.С. Садықов, С.К. Кабылтаева Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан // Қазақстан халқы Ассамблеясы: тарихы және қазіргі кезеңдегі қызметі. Серия «История. Философия». № 1(109)/2023
6. “Мәдени мұра” - Ұлттық бірегейлік жоба // Жанақова Н.Т. тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның қазіргі заман тарихы және дүниетанымдық пәндер кафедрасының доценті, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Алматы қ., Қазақстан, ӘОЖ 94(574): 373.016 DOI 10.48371/ISMO.2021.43.1.004

### **ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ - ДАМУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ, ЕЛІМІЗДІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ**

**Жеңісбек А.А.**

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Кентбек С.Қ.  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті  
[zhenisbekakerke@gmail.com](mailto:zhenisbekakerke@gmail.com)  
Қарағанды қ.

2025 жылғы 8-қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына өзінің дәстүрлі Жолдауын жариялағаны мәлім. Бұл құжат - еліміздің алдағы дамуын айқындайтын басты стратегиялық бағдар ретінде маңызды рөл атқарады. Жолдау аясында Президент экономиканы әртараптандыру, халықтың әл-ауқатын арттыру, адами капиталды дамыту, жасанды интеллект дәуіріне дайын болу, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету сынды мәселелерге басымдық бергендігі аян.

Президент өз Жолдауында: Қазақстан - әлем қауымдастығының ажырамас бөлігі. Мемлекетіміз Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасқан. Қазіргі заман бұлыңғыр, тұрақсыз болса да, біз бәріміз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріне қадам бастық. Менің негізгі мақсатым - осындай түрлі қатерге толы кезеңде еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Өскелең ұрпақ бақытты, берекелі, өмір сүруге тиіс. Сол үшін бәріміз бір ұлт болып, табанды еңбек етуіміз керек. Бұл - баршамызға ортақ өте маңызды жұмыс, аса жауапты азаматтық және ұлттық міндет. Жұмысымыз қаншалықты күрделі болса да, біз міндетті түрде табысқа жетуіміз керек. Басқа жол жоқ. Себебі бұл - еліміздің болашағы, халқымыздың тағдыры. Сондықтан барлық реформаны салмақты көзқараспен, мұқият, жан жақты ойластырып, сапалы түрде жүзеге асыруымыз керек.

Баршаңызға мәлім, кейінгі жылдары Қазақстанда ауқымды өзгерістер жасалды. Еліміздің саяси жүйесі анағұрлым озық әрі ашық бола түсті. Азаматтарымыздың сана-сезімі, болмысы өзгеріп жатыр.

Соның арқасында халқымыздың мемлекеттік институттарға, заңға және әділдік пен тәртіпке деген сенімі нығаюда. Бірақ алдымызда ауқымды жұмыс бар. Қоғамды жаңғырту үшін әлі де көп шаруа атқаруымыз керек. [1,1 б.]

Мемлекет басшысының Жолдауда цифрлық күн тәртібін ілгерілетуге айрықша мән берілді, осыған орай жасанды интеллектің кеңінен енгізу және ауқымды цифрландыру еліміздің стратегиялық бағдарының негізгі тетігі болуы керек екендігіне баса назар аударды. Шын мәнінде, мұндай қадам Қазақстанның барлық сектордағы әлеуетін айтарлықтай арттырып, экономика мен әлеуметтік саланы сапалы жаңа деңгейге шығаруға жол ашатындығы мәлім. Президент түбегейлі цифрлық өзгерістердің түпкі мақсаты азаматтардың әл-ауқатын арттыру, олардың өмір сүру сапасын жақсарту және елдің бәсекеге қабілеттілігін нығайту екенін ерекше мәе беріп, осыған байланысты Қазақстанды толыққанды цифрлық держава ретінде қалыптастыру таяу жылдардағы басым міндеттердің бірі болып белгіленіп отыр. Сол арқылы жаңа технологиялар экономикалық жаңғырту мен әлеуметтік тұрақтылықтың негізіне айналатыны сөзсіз.

Көздеген мақсатқа қол жеткізу үшін цифрлық дамудың негізгі бағыттарын, соның ішінде жасанды интеллект, платформалық экономика, үлкен дерекқорларды пайдалану және басқа да салаларды айқындайтын Цифрлық кодексті тезірек қабылдау аса маңызды. Депутаттар бұл жұмыспен осы сессия барысында белсенді айналысатынын атап өткен жөн. Сонымен қатар, Президентіміз барлық цифрлық бастамаларды жалпыхалықтық бағдарламаға біріктіретін «Digital Qazaqstan» бірыңғай стратегиясын әзірлеуді тапсырды.

Жолдауда инвестициялық саясатқа да ерекше назар аударылды. Мемлекет басшысы Үкіметке шетелдік капиталды тарту тетіктерінің тиімділігін қайта қарауды және арттыруды, сондай-ақ өңдеу өнеркәсібі мен жоғары технологиялық салаларға баса мән бере отырып, жаңа инвестициялық кезеңді бастауды міндет етіп жүктеді. [2,3 б.]

Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек. Мемлекет басшысы алдымызға осындай стратегиялық міндет қойды. Оған ресурс та, мүмкіндік те жеткілікті. Осы межеге жету үшін Президент қазіргі құзырлы министрліктің негізінде Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құруды тапсырды. Бұл - орынды әрі жүйелі шешім. Өйткені мұндай ауқымды жұмыс бір жерден басқарылып, кешенді түрде жүруге тиіс.

Жолдауда Мемлекет басшысы жеті басым бағытта жұмысты күшейтуге назар аудара отырып, оның ішінде жаңа инвестициялық кезеңді бастау керектігін жариялады. Инвестиция тарту жүйесін түгел жаңғырту жөніндегі нақты іс-шаралар жоспарын әзірлеу тапсырды. Әсіресе өңдеу саласына қаржыны көбірек салуға осы бағыттағы инвесторларға салықтық жеңілдік беру мәселесін қарастыруға көңіл бөлді. [3,3 б.]

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз Жолдауында кез келген ауқымды реформа тек ашықтыққа, қоғамдық келісімге және жан-жақты сараптамалық талқылауға негізделген жағдайда ғана табысты жүзеге асатынын атап өтті. Осыған байланысты Мемлекет басшысы бір палаталы Парламент моделіне көшу туралы мәселені бір жыл көлемінде азаматтық қоғам өкілдерімен және сарапшылармен кеңінен талқылауды ұсынды. Бұл бастама бойынша түпкілікті шешім бүкілхалықтық референдум арқылы, елдің пікірін ескере отырып қабылданатын болады. Аталған Жолдауды еліміздің жаңғыру жолындағы кешенді стратегиялық бағдар деп бағалауға толық негіз бар. Өйткені жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды кеңінен енгізу - мемлекетіміздің бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана қоймай, тұрақты дамудың сенімді кепілі болмақ. Президентіміз жүктеген міндеттерді жүзеге асыру тек Үкімет пен Парламенттің емес, ел азаматтарының да ортақ жауапкершілігі екенін естен шығармауымыз қажет. Халық болып жұмыла әрекет етсек, еліміздің болашағына жол ашатын, әділетті, қуатты әрі заманауи Қазақстанды қалыптастыру ісін табысты жалғастыруға толық мүмкіндік аламыз.

Жаһандану дәуіріндегі адамзат баласының жеткен жетістіктерінің бірі һәм бірегейі-жасанды интеллект екені даусыз. Қазір әлемнің даму бағытын жасанды зердесіз елестету мүмкін емес. Ал, жастардың осы жаңа дәуірге бейімделуі- мемлекет үшін стратегиялық міндет. XXI ғасырда мемлекеттердің дамуын табиғи ресурстарға емес, интеллектуалды әлеуетке сүйенеді. Қазіргі заманның басты капиталы- білім мен технология. Мемлекет басшысы Қасым- Жомарт Тоқаев өзінің биылғы Жолдауында бұл бағытқа ерекше тоқталып: «Жасанды интеллект экономикалық өрлеудің, адами капитал сапасын арттырудың және ұлттық инновациялық экожүйені дамытудың негізгі драйвері болуы тиіс. Бізге осы салаға маманданған зерттеу университетін ашу қажет»,-деген еді. Президенттің бастамасы еліміздің барлық аймағында білім мен жастар саясатына тың серпін берді. Қазірде Мемлекет басшысының бастамасы негізінде жаңа оқу стандарттары әзірленіп, зерттеу университетін ашу

бойынша дайындық жүргізілуде. Мұндай жоғары оқу орны елімізде алғаш рет жасанды интеллект пен деректер ғылымына терең маманданбақ. [4,1 б.]

Бұл бағытта барлық тасымалдау үдерістерін бір жүйеге біріктіріп, тиімді үйлестіру мүмкіндігін беретін көпсалалы цифрлық платформаның енгізілуі - айрықша мәнге ие. Осы орайда Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, алдағы уақытта бизнес өкілдеріне инфрақұрылымға теңдей әрі автоматтандырылған қолжетімділік беретін Smart Cargo жүйесін іске қосу жоспарланып отыр. Бұл көлік саласын цифрландырудағы маңызды кезең ғана емес, сонымен қатар оның ашықтығы мен тиімділігін арттыратын нақты әрі заманауи шешім екені анық. Сондай-ақ Президент шағын және орта бизнесті дамыту мәселесіне арнайы тоқталып, құқықтық базаны кәсіпкерлердің шынайы қажеттілігіне сай икемдеп өзгерту қажеттігін атап өтті. Бұл тұрғыда жасанды интеллект технологиясын қолдана отырып қолданыстағы заңнаманы толықтай сараптап, жан-жақты талдауға бағытталған бастаманың дер кезінде қолға алынғаны - уақыт талабы. Өздеріңіз білетіндей, Мемлекет басшысы тұрғын үй шаруашылығы мен құрылыс саласындағы негізгі басымдықтарды айқындап берді. Бұл салада жасанды интеллектті тиімді пайдалану арқылы нысандарды ақпараттық модельдеу әдісін кеңінен енгізудің маңыздылығы ерекше. Бұған қоса құрылыс барысының барлық кезеңін толық бақылауда ұстап, тиімді жүргізуге мүмкіндік беретін Ұлттық цифрлық платформа құру қажеттігі де өзекті мәселе ретінде көтерілді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы саласын дамытуға айрықша мән беріп отыр. Мемлекет басшысы Парламентке Еуразиялық экономикалық одақ аясында отандық өнім өндірушілердің мүддесін заңнамалық тұрғыда қорғау жөнінде нақты тапсырма жүктеді. Бұл қадам - қазақстандық кәсіпкерлердің құқықтық қорғалуын күшейтіп қана қоймай, агроөнеркәсіптік кешеннің экспорттық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Президент жер ресурстарын басқаруда ашықтық пен тиімділікті қамтамасыз етуді тапсырды. Осы мақсатта кадастрлық деректерді, инфрақұрылым нысандарына және жер қойнауын пайдалануға қатысты мәліметтерді біріктіретін бірыңғай цифрлық карта әзірлеу қажеттігін атап өтті. Мұндай бастама - жер қатынастары саласындағы әділдік пен айқындықты орнатудың маңызды тетігі. Көлік және логистика саласының дамуы да тікелей цифрландырумен байланысты екені даусыз. Осыған байланысты Мемлекет басшысы қазіргі таңда транзиттік бағыттар бойынша жаһандық бәсеке күшейіп келе жатқанын ескеріп, Қазақстан өз орнын сақтап қалуы және нығайта түсуі үшін заманауи цифрлық шешімдер мен жасанды интеллект технологияларын белсенді енгізуі тиіс екенін айтты.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Қазақ халқына Жолдауында елдегі көлік инфрақұрылымын жаңғыртып, жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруды басты міндеттердің бірі ретінде атады. Мемлекет басшысы: «Жыл басынан бері 22 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы тіркелген. Шын мәнінде, көп нәрсе көлік жүргізушілерінің өзіне байланысты, себебі жол ережесін бұзатындар аз емес. Әр адам өзі мен қоғамдағы адамдардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті сезіну керек» дей келе, апаттар санын азайту үшін ақылды технологияларды енгізу, жол ережелерін сақтау мәдениетін көтеру, сонымен қатар, құқық бұзушылықтарға қарсы жйелі шаралар қажеттігін мұқият тапсырды. Осы тапсырмалар аясында кеншілер өлкесінде бірқатар ауқымды жобалар жүзеге асуда. Атап айтсақ, интеллектуалды көлік жүйесі іске қосылып, бағдаршамдар жасанды интеллект арқылы басқарылады. Одан бөлек, «Астана-Теміртау» тас жолында инновациялық лазерлік ескету жүйесі сынақтан өтіп жатыр. Сонымен бірге, облыста

«Қауіпсіз жол» жедел алдын алу іс-шарасы арқылы жол тәртібін бұзушылармен күрес күшейтілуде. Бұл бастамалар - Президент белгілеп берген ұлттық басымдықтарға сай, адам өмірі қорғауға бағытталған жүйелі қадам. [5,1 б.]

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған Жолдауы - еліміздің әлеуметтік, саяси және экономикалық бағыттарын нақтылап берген стратегиялық құжат. Бұл Жолдауда ел болашағына қатысты маңызды мәселелер, соның ішінде цифрландыру, жасанды интеллектті дамыту, мемлекеттік қызмет сапасын арттыру, білім беру жүйесін жаңғырту сияқты бастамалар кеңінен қамтылды. Цифрлық шешімдер мен жасанды интеллектті енгізу мемлекеттік басқару тиімділігін арттырып қана қоймай, халыққа көрсетілетін қызмет сапасын жақсартады. Сондай-ақ, бұл бастамалар елдің ұлттық қауіпсіздігі мен егемендігін нығайтуға бағытталған. Әлеуметтік салада азаматтардың әл-ауқатын арттыруға, жастар мен балаларды қолдауға ерекше назар аударылды. Мемлекет басшысы әділетті қоғам құру идеясын басшылыққа ала отырып, «Ең басты құндылық - адам және оның игілігі» деген қағидатты нақтылады және бұл ұстаным, негізгі бағыттар Жолдауда көрініс тапқандығы мәлім. Олай болса, мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі

цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауы - дамудың жаңа бағыты, еліміздің стратегиялық негізі!

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 ж 8-қыркүйектегі Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан-2025 жыл, 9-қыркүйек, -12 б.
2. Әшімбаев. М Ауқымды өзгерістер бағдары // Егемен Қазақстан-2025 жыл, 9- қыркүйек, -12 б.
3. Қошанов. Е Тұтас халқымыздың рухын көтерді // Егемен Қазақстан-2025 жыл, 9 - қыркүйек, -12 б.
4. Шалқар. Ж Интеллектуалды көлік жүйесі // Орталық Қазақстан-2025 жыл, 7-қазан, - 4б.
5. Құдайбергелен. М Жасанды интеллект және біз // Орталық Қазақстан-2025 жыл, 11- қараша, - 4 б.

### **ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ ЖАС ҰРПАҚ: БІЛІМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТОҒЫСЫ**

**Аманбекова Г.Т.**

Ғылыми жетекшісі: PhD, қауымдастырылған профессор Жуманова А.З.  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті  
guljana.amanbekova@gmail.com  
Қарағанды қ.

Цифрлық дәуірдегі жас ұрпақ: білім мен технологияның тоғысы

Жаһанданудың дамуына орай соңғы жылдары цифрлық технологиялар өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Бұл жаңа мыңжылдықтың жас ұрпағы үшін де тән ерекшелік. «Қазіргі ақпараттық технологиялар әлемінде цифрлық сауаттылық өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Цифрлық технологияларды тиімді пайдалану ақпаратты өңдеу, коммуникация және онлайн ортада бейімделу қабілетімізді анықтайды» деп көрсеткендей, ақпараттық қоғамда білім мен технология тоғысып жатыр. Алайда ресми статистикаға сүйенсек, бүгінде елімізде халықтың жартысынан көбі әлі де интернетке толық қол жеткізе алмай отыр. Осылайша, білім беру мен технология саласындағы мүмкіндіктердің тең бөлінбеуі - біз шешетін өзекті мәселе. Сондықтан сандық сауаттылықты дамыту - Қазақстанның тұрақты дамуы үшін қажетті стратегиялық басымдық екенін мойындауымыз керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, елдегі цифрландыру мен жасанды интеллект салаларына ерекше көңіл бөлінуде. Оның Жолдауында цифрландыруды «негізгі басымдық» ретінде қалыптастыру және білім саласының осы үдерісте «ерекше рөл атқаруы» қажеттігі атап көрсетілді. Осы тұрғыда жас ұрпақтың білім алуындағы талаптары мен әдіс-тәсілдері де өзгеріп отыр, жаңа форматтағы білім мен цифрлық технологияларды тиімді үйлестіру - заман талабы.

Бүгінгі студенттер технологиямен бірге өсіп келеді: олар смартфон, интернет, әлеуметтік желілерді мектеп жасынан пайдалануда. Бұл ортада оларға оқу материалы да цифрлық форматта (мәтіндік білім базалары, видео дәрістер, виртуалды тәжірибелер) ұсынылуы тиіс. Цифрлық сауаттылық дегеніміз - ақпараттық құралдарды пайдалану білімі ғана емес, сонымен бірге дереккөздерді сыни тұрғыдан талдау қабілеті, онлайн-коммуникация дағдылары және цифрлық менталитет. Сондықтан университеттер мен колледждерде цифрлық дағдыларды оқыту трендке айналуда. Аталған пікірлерді ескере отырып, цифрлық технологияларды оқу бағдарламаларына енгізу - басты міндет. Бұл бағыттағы маңызды қадам - білім беру мекемелерін қажетті жабдықпен және білікті ұстаздармен қамту. Мысалы, Қазақстанда цифрлық сауаттылық пәні енгізіліп, оқытушылар жаңа әдістермен жұмыс істеуге даярлануда. Осының арқасында студенттер білім іздеудегі тәуелсіздікті игере отырып, техникалық ақпаратты ұтымды пайдалана алады сонымен бірге, цифрлық сауаттылық деңгейінің өсуі мемлекеттің экономикалық өркендеуіне ықпал етеді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жасанды интеллект саласындағы кадрлар даярлау бағдарламалары («Al-Sana» және т.б.) іске қосылды: ол арқылы 100 мыңға дейін студент жоғары технологиялық жобаларға тартылмақ, ал педагогтар жасанды интеллект негіздерін үйренеді. Бұл шаралар Қазақстандағы білім жүйесі мен IT-индустрияның арақатынасын нығайтып, жас ұрпақтың цифрлық мүмкіндіктерін кенейтеді. Алайда оқу сапасын сақтау үшін мұғалімдер мен оқытушыларға да цифрлық дағдыларды